

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты
Саировқа Е.Б.**

*2023 жылғы 27 сәуірдегі
№ ДС-97*

Құрметті Ерлан Бияхметұлы!

Сіздің депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Елімізде мәдени саясатты жетілдіру маңызды мақсаттардың бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған мәдени саясатының тұжырымдамасы іске асырылуда. Бұл құжат ағымдағы талдауды, халықаралық тәжірибені және одан әрі даму жолдарын қамтыған. Бұл ретте негізгі мақсат 2029 жылға дейін елдің бірыңғай мәдени кеңістігін қалыптастыру болып табылады.

Сондай-ақ, 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы қабылданған. Құжат жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттауға, азаматтық белсенділікті арттыруға, отансүйгіштікті, салауатты өмір салтын дәрiптеуге, мәдениет пен бiлiм берудi дамытуға бағытталған.

Бұдан басқа, халық мүддесiне, мемлекет пен қоғамның одан әрi дамуындағы идеялық-құндылық бағдарларын айқындайтын Қазақстан Республикасының ақпараттық доктринасы бекітілді.

Доктринаны іске асыру аясында қабылданатын шаралар отандық ақпараттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етіп, ақпараттық кеңістікте ұлттық құндылықтардың үстемдігін қамтамасыз ететін болады.

Қоғамдық санаға теріс әсер етуі мүмкін ақпараттың таралуын азайту мақсатында мәдени-отбасылық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді насихаттау, сондай-ақ қоғамды, оның ішінде балаларды теріс әсерлерден қорғауды қамтамасыз ету бойынша белсенді ақпараттық жұмыс жүргізілуде.

Азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысуын арттыру мақсатында «Қоғамдық бақылау туралы» Заң жобасы әзірленді. Қоғамдық бақылаудың негізгі қағидаты – заңдылық, жариялылық, ашықтық және ерікті қатысу, сондай-ақ тәуелсіздік.

Субъектілері жергілікті және орталық мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор, коммерциялық емес ұйымдар, сондай-ақ ел азаматтары болып табылатын қоғамдық бақылау ұғымын жүргізу жоспарлануда.

Бұдан басқа, ақпаратқа қол жеткізу және қоғамдық қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заң жобасы әзірленді.

Бірқатар түзетулер ақпараттық қауіпсіздікті жетілдіруді, ашықтық стандарты ұғымын енгізуді және олардың иелерінің ақпаратына қол жеткізу тәртібін реттеуді көздейді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде петициялардың бірыңғай заң институтын енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес халықпен тікелей және кері байланыс арналарының жұмысын жүйелі мониторингтеу және талдау, бұқаралық ақпарат құралдарының, үкіметтік емес ұйымдар мен халықтың келіп түскен сұраныстарына жедел ден қою, ақпараттың ашықтығын және мемлекеттік органдар қызметінің белсенділігін қамтамасыз ету жөніндегі бастамалар іске асырылуда.

Мемлекеттік органдар басшыларын коммуникация дағдыларына оқыту мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Орталық атқарушы органдар басшыларының халықпен кездесулерін тиімді өткізу үшін *(ҚР Президентінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі №863 Жарлығы)* тиісті кездесулер кестесі бекітілген.

Бұл ретте, ағымдағы жылдан бастап мемлекеттік органдардың жұмыс тәжірибесіне Үкімет мүшелерінің елдің шалғай елді мекендерінің тұрғындарымен көшпелі кездесулері енгізілді. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары халықпен өзекті мәселелерді тікелей талқылайтын болады.

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы операциялық бағалау жүйесінде «Халықпен кездесу» жаңа критерийі енгізілді.

Бюджетті ашық қалыптастыруды қамтамасыз ету және қоғамдық бақылауды дамыту, халықтың бюджет қаражатын жұмсауға қатысты пікірін уақтылы есепке алу мақсатында «Ашық бюджеттер» порталы жұмыс істейді (budget.gov.kz).

Үкімет аппаратының жанында Мемлекеттік органдардың халықпен өзара тиімді іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді.

Мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының азаматтарды және заңды тұлғаларды жеке қабылдауының үлгілік регламенті бекітілген.

Жалпы, Үкімет осы бағытта жүйелі және кешенді жұмыс жүргізуде.

Ә. Смайылов